

Қарағанды облыстық мәслихатының XV сессиясының 2018 жылғы 4 мамырдағы № 308 "Қарағанды облысы бойынша іске асырылуы жоспарланған жергілікті мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының тізбесін бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қарағанды облыстық мәслихатының 2019 жылғы 28 қарашадағы № 466 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 9 желтоқсанда № 5572 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облыстық мәслихатының 2022 жылғы 15 шілдедегі № 227 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облыстық мәслихатының 15.07.2022 № 227 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7-бабына және "Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы" Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 31 қазандағы Заңының 24-бабының 1) тармақшасына сәйкес Қарағанды облыстық мәслихаты ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Қарағанды облыстық мәслихатының XV сессиясының 2018 жылғы 4 мамырдағы №308 "Қарағанды облысы бойынша іске асырылуы жоспарланған жергілікті мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының тізбесін бекіту туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №4766 болып тіркелген, 2018 жылғы 25 мамырда электрондық түрде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілердің эталондық бақылау банкінде, 2018 жылғы 24 мамырда №55 (22507) "Орталық Қазақстан" және 2018 жылғы 24 мамырда №55 (22314) "Индустриальная Караганда" газеттерінде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы
Облыстық мәслихаттың хатшысы*

*Д. Мұхамеджанов
С. Утешов*
Қарағанды облыстық
мәслихатының ____ сессиясының
2019 жылғы _____ № _____
шешіміне
қосымша

**Қарағанды облысы бойынша іске асырылуы жоспарланған жергілікті
мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының тізбесі**

1. Бұқар жырау ауданындағы Көкпекті ауылында "Нұр-Сәби" жеке меншік балабақшасын жөндеу және пайдалану.
2. Қарағанды облысының Қарағанды қаласында сырғанау айдынын пайдалану.
3. Қарағанды қаласында гематология орталығын ашу.
4. Саран қаласында гемодиализ орталығын ашу.
5. Жезқазған қаласында балаларды оңалту орталығын ашу.
6. Теміртау қаласында оңалту орталығын ашу.
7. Жезқазған қаласында оңалту орталығын ашу.
8. Жаңаарқа ауданында гемодиализ орталығын ашу.
9. Қарағанды қаласының "Дарынды бала 4" балабақшасы.
10. Қарағанды облысы Шет ауданының Ақсу-Аюлы ауылында 50 орынға арналған балабақша ашу.
11. Қарағанды облысы Шет ауданының Ақсу-Аюлы ауылында 40 орынға арналған балабақша ашу.
12. Қарағанды облысы Шет ауданының Ақсу-Аюлы ауылында 75 орынға арналған балабақша ашу.
13. Қарағанды қаласында 300 орынға арналған облыстық көпсалалы аурухана салу және пайдалану.
14. Қарағанды облысының медицина ұйымдарын цифрлық медициналық жабдықпен жарақтандыру.
15. Қарағанды қаласында "Ожет" спорт кешенін пайдалану.
16. Жезқазған қаласында "Таеквондо орталығын" пайдалану.
17. Қарағанды қаласының тұрғындарына мемлекеттік және ағылшын тілдерін оқыту қызметтерін көрсету.
18. Сәтбаев қаласында гемодиализ орталығын ашу.
19. Қарағанды облысының мемлекеттік медициналық ұйымдарының жергілікті желілерін дамыту.
20. Қарағанды облысының ауылдық денсаулық сақтау объектілерінде интернет желісіне қолжетімдік үшін спутниктік хабарлар арнасын ұйымдастыру.
21. Қарағанды қаласы Октябрь ауданының 11а шағын ауданында емхана салу және одан әрі пайдалану.

22. Қарағанды қаласының Октябрь ауданында (Пришахтинск) Балалар емханасын ашу.

23. Қарағанды қаласында оңалту орталығын ашу.

24. Қарағанды облысының Шахтинск қаласында 25 орынға арналған бөбекжай ашу.

25. Қарағанды қаласының Октябрь ауданында емхана ашу (Восток-2 ықшам ауданы).

26. Қарағанды қаласында позитронды-эмиссиялық томография орталығын ашу.

27. Жезқазған өңірінің медициналық ұйымдары үшін орталықтандырылған медициналық зертхана ашу.

28. Қарағанды қаласында маммологиялық орталық ашу.